

**2023-2024 оқу жылында жүргізілетін Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыруға арналған іс – шаралар бойынша атқарылған жұмыс есебі**

Қыркүйек айында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Н. Айтекенова Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарына, қаласы білім басқармасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру бағытында орындалатын мектепішілік іс-шаралар жоспары құрып, бекітті.

Қыркүйек айында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Н. Айтекенова мектеп фойесіне білім басқармасының Call center телефоны мен сенім телефоны сенім жәшігін орналастыру, түскен арыз-шағымдарды тіркеу кітапшасы арнады.

Жыл бойы директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Н. Айтекенова Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 12- бабы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер», 13-бабы «Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет», 14-бабы «Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет(жұмыс) істеуіне жол бермеу», 15-бабы «Мүдделер қақтығысы» баптарын басшылыққа алып жұмыс жүргізілді.

Жыл бойы мектепте директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Н. Айтекенова түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс-шараларды өткізуге, шаруашылық, кеңсе заттарын алуға, тағы басқа мақсатта ата-аналардан заңсыз ақша жинауға қатаң түрде тыйым салу бағытында ата-аналар мен мектеп ұжымына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жыл бойы мекеменің қажеттілігі үшін заңсыз ақша жинауға тыйым салу мәселесі бойынша педагогтар ұжымы және ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, белгіленген жоспарға сәйкес саяси партия, қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен ай сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиналыстар ұйымдастырылып, өткізілді.

Тоқсанына бір рет Қазақстан Республикасы "**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес**" Заң баптарын мектеп ұжымына және оқушыларға таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Жыл бойы Әдеп ережелері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт негізінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жұмыстар ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында мектеп психологі Г.Б.Китегулов **Құқықтық сана – қоғамға пана тақырыбы** аясында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу мақсатында мектеп оқушыларына **«Қылмыссыз балалық шақ»** дөңгелек үстел өткізілді.

Қазан айында 5-9 сынып жетекшілері мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарымен құқық бұзушылықтың алдын-алу тәсілдері жөнінде **«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»** тақырыбында тәрбие сағатары өткізілді .

Қараша айында 1-9 сынып жетекшілері «Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

Желтоқсан айында мектеп тәлімгері Ш.С.Өтепбергенова «Жемқорлық індет-жою міндет» тақырыбында 7-9 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізді.

Қаңтар айында тарих пәні мұғалімі Д.Ә.Тайборин 9- сынып оқушыларына «Жемқорлықсыз-қоғам сенімді жол» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Мектеп директоры **М.А. Р.Н. Айтекенова**



